

"Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 62 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 сәуірде № 3035 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 ақпандағы № 15 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 03.02.2020 № 15 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Түпқараған ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы №13 "Түпқараған ауданы әкімі аппаратының және мемлекеттік мекемелердің Ережелеріне өзгерістер енгізу туралы" қаулысы жойылсын.

3. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Д. Шалабаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Алтынғалиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Асауов

Түпқараған ауданы әкімдігінің
2016 жылғы " 29 " наурыздағы
№ 62 қаулысымен бекітілген

"Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі 1. Жалпы ережелер

1. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес кәсіпкерлік, өнеркәсіп және сауда қызметі салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Түпқараған ауданының әкімдігі болып табылады.

3. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 130500, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Ш. Еркеғұлов көшесі №1.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілермен "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

"Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлім" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасының талаптарына сәйкес анықталады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлім" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауданда кәсіпкерлік және өнеркәсіп салаларын дамыту саясатын жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

- 1) кәсіпкерлік дамуын үйлестіруді қамтамасыз ету;
- 2) өнеркәсіп салалары қызметін үйлестіру және дамуының мониторингін жүргізу;
- 3) сауда және қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының қызметін үйлестіру;
- 4) ауданда шағын кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасын және іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және олардың орындалуын бақылау;
- 5) заңнамамен жүктелген басқа да міндеттерді орындау.

16. Функциялары:

- 1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатының іске асырылуын жүзеге асыру;
- 2) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 3) өңірде шағын кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз ету;
- 4) Түпқараған ауданы әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің жұмыс органы функцияларын жүзеге асыру;
- 5) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

6) шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

7) сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз ету;

8) өз құзыреті шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асыру;

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлеу;

10) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

11) көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;

12) Түпқараған ауданының шағын және орта кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті дамыту және қолдау көрсету бойынша мониторингті жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

"Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлім" мемлекеттік мекемесі құқылы:

1) кәсіпкерліктің инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, несие және грант алуға кәсіпкерлерге әдістемелік көмек көрсету;

2) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

3) мүдделі органдармен келісе отырып, уақытша жұмысшы топтар құрылуына ықпал ету, үйлестіру, ғылыми-техникалық және сараптамалық комиссиялар, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша сауда қызметтерінің мәселелері жөнінде семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;

4) бөлім қызметі мәселелері бойынша аудан басшылығының және аудан әкімдігінің отырыстарының қарауына ұсыныстар енгізу;

5) аудан әкімі мен әкімдігінің нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға қатысу;

6) бөлім мұқтаждығына қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулер үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру және конкурстар ұйымдастыру;

7) меншік нысанына және ведомствалық бағынысқа қарамастан ауданда кәсіпкерлік пен сауда қызметтерін дамыту мәселері бойынша кәсіпорындар қызметіне талдау жасауға және мониторинг жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің, облыс әкімі және облыс әкімдігі, аудан әкімі және аудан әкімдігінің актілерін орындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

9) меншік нысанына және ведомствалық бағынысқа қарамастан, кәсіпкерлік кәсіпорындарынан және сауда қызметтерінен қажетті ақпарат сұрауға және алуға

"Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлім" мемлекеттік мекемесі міндетті:

1) жеке және заңды тұлғалардың "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;

2) жеке және заңды тұлғаларды қабылдауды ұйымдастыру;

3) заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

4) қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын аудан әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттілігі:

1) қызметкерлер арасында қызметтік міндеттерді және олардың жауапкершілік дәрежесін үйлестіреді және бекітеді;

2) қызметкерлерді лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) заңда белгіленген тәртіппен қызметкерлерді көтермелеу және тәртіптік жаза белгілеу мәселелерін шешеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;

5) берілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

6) азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді;

7) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда оның атынан сенімхатсыз өкілдік етеді;

- 8) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;
- 9) гендерлік теңдік стратегиясын жүзеге асырады.
- 10) заңнамаларға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11) "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Заңды тұлға мен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, заңды тұлға мен жергілікті атқарушы органның, заңды тұлғаның әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым - қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

25. Түпқараған ауданының әкімдігі "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесіне берілген мүліктердің сақталуын және тиімді пайдалануын бақылауды жүзеге асырады.

"Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлікті Түпқараған ауданының әкімдігі қайтарып алуға немесе өзі құрған заңды тұлғалар арасында, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде басқа да түрлері белгіленбесе, өз қалауы бойынша қайта бөлуге құқылы.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК